



ЖАТ ҚЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

📌 Оқушыларға арналған

Жат қылықтар – қоғамға, адамгершілікке, ұлттық дәстүрге, заңға қайшы әрекеттер (бұзақылық, әдепсіздік, зорлық-зомбылық, есірткі, темекі, алкоголь қолдану, интернеттегі агрессия, діни экстремизм және т.б.).

☒ Не істеу керек:

1. **Адамгершілік пен ынабаттылықты сақта.**
Үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеу – ең басты қағида.
2. **Заң мен мектеп тәртібін бұзба.**
Кішкентай тәртіпсіздік – үлкен мәселеге алып келеді.
3. **Өз ортаны дұрыс таңда.**
Сенің достарың – сенің келешегің.
4. **Зиянды әдеттерден аулақ бол.**
Темекі, алкоголь, есірткі – денсаулығыңа және болашағыңа қауіп.
5. **Интернетті дұрыс пайдалан.**
Бөгде адамдарға жеке мәліметтеріңді берме, теріс идеологияға ерме.
6. **Көмек сұраудан қорықпа.**
Егер қиындық болса, ата-анаңа, сынып жетекшіңе, мектеп психологына немесе достарыңа айт.

☒ Есіңде болсын:

- Кішкентай теріс қылықтың соңы үлкен қылмысқа айналуы мүмкін.
- Заң бәріне ортақ – кәмелетке толмағандарға да.

Мүғалімдерге арналған

🎯 Мақсат:

Оқушылар арасында жат қылықтардың алдын алу, адамгершілік, құқықтық мәдениет пен отансүйгіштікке тәрбиелеу.

☒ Негізгі бағыттар:

1. **Тәрбие сағаттарын өткізу:**
 - «Жат қылықтардың зияны»
 - «Құқық және жауапкершілік»
 - «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз»
2. **Ата-анамен байланыс орнату.**
Тәртіп бұзған оқушылардың отбасымен жеке жұмыс жүргізу.
3. **Психологиялық қолдау.**
Қиын мінезді, тұйық, агрессиясы бар балаларға назар аудару.
4. **Үлгі көрсету.**
Мүғалімнің жеке мәдениеті – оқушының мінез-құлқына әсер ететін басты фактор.
5. **Құқық қорғау органдарымен және психологтармен бірлесе жұмыс істеу. Ескерту:**
 - Әрбір оқушының мінез-құлқындағы өзгерістерге дер кезінде назар аударыңыз.
 - Қиындыққа тап болған баланы жазалау емес, түсіну және бағыт беру маңызды.

Рухани-Адамгершілік Тәрбие (Адалдық пен Парасат):

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділдік, Жауапкершілік, Заң және Тәртіп" қағидаларына негізделген "Адал азамат" тәрбиесінің тұғыры. Жемқорлыққа төзбеушілік, адал еңбек және жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Экологиялық Мәдениет (Табиғатқа Құрмет):

Қазақтың "жер-ана" ұғымына негізделген табиғатқа деген жанашырлықты, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру.

Көпмәдениеттілік және Төзімділік (Толеранттылық):

Қазақстанның көпұлтты екенін ескере отырып, өз ұлтының құндылықтарын білумен қатар, басқа ұлттардың мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие негіздері – Ұлттық Болмыстың Тұғыры Құрметті отырысқа қатысушылар!

I. Кіріспе (Тәрбиенің мәні)

Қай заманда да, қай қоғамда да жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру – ең қасиетті де, ең жауапты міндет. Дана Абай атамыз: "Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы" деп бекер айтпаған.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның алдында тұрған басты мақсат – әлемдік өркениет көшінен қалмайтын, бірақ өзінің ұлттық болмысын сақтайтын, рухани құндылығы жоғары азамат тәрбиелеу. Бұл міндеттің түп қазығы – Ұлттық тәрбиеде жатыр.

Ұлттық тәрбие дегеніміз – тек өткенді дәріптеу емес, ол – ата-бабамыздан мирас болған рухани-мәдени құндылықтарды бүгінгі заман талабына сай жаңғыртып, өскелең ұрпақтың бойына сіңірудің, оны ұлттық санасы оянған тұлға ретінде қалыптастырудың кешенді жүйесі.

II. Ұлттық Тәрбиенің Негізгі Қайнар Көздері (Діңгектері)

Ұлттық тәрбиенің негіздері бес қасиетті діңгекке сүйенеді:

1. Салт-Дәстүр және Әдет-Ғұрып:

Маңызы: Бұл – халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі, адамгершілік нормалары.

Қазақи қағидалар: Үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-ананы ардақтау, жеті атаны білу, қонақжайлылық, көршілік қарым-қатынас сияқты құндылықтар – ұлттық тәрбиенің алтын арқауы.

2. Тіл – Ұлттың Жан Дүниесі:

Маңызы: Ана тілі – ұлттық кодты, дүниетанымды сіңіретін басты құрал. Тәрбие – тіл арқылы беріледі.

Міндет: Бала бойына ана тілін қастерлеуді, оның тазалығын сақтауды, шешендік өнерге баулуды балабақшадан бастап, мектеп пен отбасында жүйелі жалғастыру.

3. Фольклор және Ауыз Әдебиеті:

Қайнары: Батырлар жыры, ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер.

Әсері: Олар баланың санасына батылдық, адалдық, әділдік, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттерді еріксіз сіңіреді. Мысалы, "Ер Төстік" ертегісі – табандылық пен шыдамдылыққа үйретеді, ал "Қозы Көрпеш – Баян Сұлу" – сүйіспеншілік пен адалдықты дәріптейді.

4. Ұлы Тұлғалар мен Тарих:

Үлгі: Абай, Ыбырай, Шокан, Әл-Фараби және батыр бабаларымыздың өмірі мен мұралары – ұрпақ үшін нақты үлгі.

Мақсат: Жастарға өз елінің тарихын, ұлы жеңістерін таныту арқылы отансүйгіштік, ұлттық намыс және жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

III. Қазіргі Замандағы Өзекті Бағыттар

Ұлттық тәрбие бүгінгі заманның жаңа сын-қатерлеріне жауап беруі тиіс. Ол үшін келесі бағыттарға мән беру керек:

ПАРАНДЖА И ФАТА —

ЧЬП ЭТО ОДЕЖДА



Күні:16.10.25	Педагогтың аты-жөні: Мамбеткулова Т.Б		
Класс: жоғары буын оқушылары және колледж студенттері	Қатысушылар саны:16	Қатыспағандар саны : 2	
Сабақтың тақырыбы	«Діни атрибуттар мен киім үлгісіндегі мәдени ерекшеліктер: хиджап, паранжа, қысқа балақты шалбар, сақал қою мәселелері»		
Сабақтың мақсаты	- Оқушыларға киім мен сыртқы келбеттегі діни элементтердің мәнін түсіндіру, зайырлы мемлекет қағидаларын сақтау, өзге көзқарастарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. - Діни киім түрлері (хиджап, паранжа, т.б) туралы ақпарат беру. - Оқушылардың сыни ойлауын дамыту, өз пікірін мәдениетті түрде білдіруге үйрету.		
Құндылығы	Тәуелсіздік және отаншылдық айы		
Апта дәйексөзі	Отанды сүйу – отбасынан басталады		
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Басы	Ұйымдастыру бөлімі: Ұйымдастыру бөлімі: - Оқушылармен сәлемдесу. - Тақырыпты таныстыру. - Мақсатын түсіндіру.	Балалардан сұраққа жауап алу.	Слайд Презентация
Негізгі бөлім	«Зайырлылық деген не? Тақырыбында қысқаша түсіндірме. - Хиджап, паранжа, қысқа балақты шалбар, сақал қою ұғымдарына түсінік беру, олардың мәдени және діни мағынасы туралы айту. - Зайырлы қоғамдағы киім мәдениеті мен діни киімнің айырмашылығын талдау.	Оқушылардың жауаптары тыңдалады.	Слайд
Соңы	Тақырып бойынша қорытынды пікір айту: «Киім - адамның мәдени бейнесі» тақырыбында шағын пікірталас.	-Сабақта сөйледік, тыңдалдық, оқыдық, сұрақтарға жауап бердік.	Жауап алу, оқыту

с. Кисел

БАЯНДАМА ХАТ

Деструктивті діни ағымдардың алдын алу бойынша сыныптан тыс іс-шара өткізу туралы

Күні: 2025 жылғы 23 қазан

Кімнен: Тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімі Д.М.Елеуова

Іс-шара туралы мәлімет:

Атауы: «Деструктивті діни ағымдардан сақ болыңдар».

Өткізілген күні: 23.10.2025ж

Мақсатты аудитория: 9–10 сынып оқушылары.

Форматы: семинар-тренинг, дөңгелек үстел

Мақсаты: Оқушыларда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, құқықтық сауаттылығын арттыру және деструктивті діни ағымдардың белгілері мен олардың қауіптілігі туралы ақпараттандыру.

Іс-шараның барысы:

Кіріспе бөлім: «Деструктивті діни ағым» ұғымына анықтама беріліп, оның тұлға мен қоғам үшін салдары түсіндірілді.

Негізгі бөлім: Оқушылар Қазақстан Республикасының діни қауіпсіздік мәселелері бойынша құқықтық базасымен танысты. Деструктивті діни ағымдардың мысалдары және олардың жастарға ықпал ету әдістері келтірілді. Дәстүрлі құндылықтар мен конфессия аралық келісімнің маңыздылығы туралы әңгіме жүргізілді.

Қорытынды бөлім: Оқушылар сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдіре алатын талқылау өткізілді. Деструктивті топтарға тартып жатқан кезде өзін-өзі ұстау бойынша ұсыныстар берілді.

Нәтижелері:

Қатысушылар: 9-10 класс

Кері байланыс: Оқушылар тақырыпқа қызығушылық танытып, пікірталасқа белсенді қатысып, мәселеге қатысты алаңдаушылықтарын білдірді.

Қорытынды: Іс-шара оқушылардың деструктивті діни ағымдармен байланысты тәуекелдер туралы хабардарлығын арттыруға және олардың азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал етті.



23.10.2025ж

Д.М.Елеуова.

ДІН ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИЗМ





Жоғарғы буын мен колледж
оқушыларына «Дін және экстремизм»
тақырыбында өткен тәрбие сағатына


Мәлімет

23.10.25ж. жоғарғы буын мен колледж оқушыларына
«Дін және экстремизм» тақырыбында тәрбие сағаты
өткізілді.


Сабактың мақсаты:

- дін туралы дұрыс түсінік беру, оның адам өміріндегі орыны мен маңызын түсіндіру, экстремизм ұғымы мен қауіптілігі жайлы визуалды және қарапайым тілде ақпарат беру;
- дін атын жамылған теріс ағымдардан сақтану жолдарын үйрету;
- бейбіт өмір, төзімділік, адамгершілік және рухани құндылықтарға баулу.

Тәрбие сағатында жоғарғы сынып оқушылары мен колледж студенттеріне тақырып бойынша толық ақпарат беріліп, тәрбие сағаты өз мақсатына жетті.

Жауапты:  Жетібаева А.Қ.






Орта және жоғары класс оқушылары мен колледж студенттерімен «Ансар» ақпараттық-талдау орталығының теолог маманымен кездесу өткізілді

Мәлімет

17.09.2025ж «Ансар» ақпараттық-талдау орталығының теолог маманы Курманов Айбек Болатұлы "Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені" КММ-нің 8-10-сынып оқушылары және колледж студенттерімен «Дін және жастар» тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушыларға діннің адамгершілік, мейірімділік, адалдық сияқты маңызды құндылықтарды насихаттайтыны, сондай-ақ, жастардың мінез-құлқы мен дүниетанымын қалыптастыруға көмектесетіні туралы құнды ақпараттар берілді.

Оқушылар кері байланысқа шығып, өз сауалдарын қойып, тушымды жауаптар алды.

Габитова.В.С



1	«Діни экстремизмнің алдын алу»	Сынып сағаты 9-10 кл фотоақпарат	Ақпан	Тәрбиешілері ӘБ жетекшілері
12	«Діни экстремизмнің алдын алу» тақырыбындағы отырысы	Кезекті отырыс хаттама	Наурыз	ТІЖО
13	«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу»	«Ансар» ақпараттық-талдау орталығының теолог маманымен кездесу, фотоақпарат	Сәуір	ТІЖО
14	«Діни секталарға үгіттеуді шектеу мақсатында ата – аналарды ақпараттандыру тақырыбындағы отырысы	Кезекті отырыс хаттама	Мамыр	ТІЖО
15	Атқарылған іс шаралардан анықтама беру.	Анықтама фотосымен	Мамыр	Кусакбаева Ж.

Бекітемін:

Директор

Г. Шакепова

**Діни экстремизмнің алдын-алуға бағытталған 2025-2026 оқу жылындағы
іс-шараларының жылдық жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Өткізілу түрі Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты адам
1	«Құқық бұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын алу»	«Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының теолог маманымен кездесу. фотоақпарат	Қыркүйек	ТІЖО
2	«Хиджап, паранжа, қысқа балақты шалбар кию, сакал қою» туралы түсіндірме жұмыстары.	Видеожазба 7-11 кл	Қазан	Тәрбиешілері ӘБ жетекшілері
3	«Деструктивті діни ағымдардан сақ болыңыз» (алдын алу шаралары)	9-11 кл	Қазан	Тәрбиешілері ӘБ жетекшілері
4	«Дін және экстремизм»	Презентациялар көрсету 8-11 кл	қазан	Тәрбиешілері ӘБ жетекшілері
5	«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбындағы отырысы	Кезекті отырыс хаттама	Қазан	ТІЖО
6	«Теріс діни ағымдар уағызы заңсыз уағыз»	Тәрбие сағаты фотоақпарат	қараша	Тәрбиешілері ӘБ жетекшілері
7	«Ұрпақ тәрбиесі ұлт болашағы»	Кезекті отырыс хаттама	желтоқсан	ТІЖО
8	«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу»	«Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының теолог маманымен кездесу. фотоақпарат	желтоқсан	ТІЖО
9	«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу»	Жадынамалар тарату 2-11 кл	желтоқсан	Тәрбиешілері ӘБ жетекшілері
10	«Дін және қоғам»	Сурет көрмесі 6-8 кл фотоақпарат	қаңтар	Тәрбиешілері ӘБ жетекшілері

ағымдардың қауып, зайырлы тәрбие жөнінде ақпарат берілсін;
– Оқушылардың әлеуметтік желідегі әрекеттеріне мониторинг жүргізіп,
күмән тудыратын жағдайларды дер кезінде әкімшілікке хабарлау
тапсырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қалағалау директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары В.Габитоваға жүктелсін.

Директор



Г. Шакенова

Таныстым:

В.Габитова

Ж.Кусакбаева

А.Шакибаева

П.Кульниязова

А.Есіркепов

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.08.2025

№ 492

Кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдардың таралуының алдын алу жөніндегі Жол картасын іске асыру туралы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асырудың 2024–2026 жылдарға арналған Жол картасы негізінде, кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағымдардың идеологиясының таралуының алдын алу және жол бермеу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жалпы орта білім беретін мектебінде 2024–2026 жылдарға арналған деструктивті діни ағымдардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілсін.
2. Жоспар келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

Оқушылар арасында зайырлы құндылықтарды насихаттау, ҚР заңнамаларын түсіндіру;

Дін саласына қатысты экстремизм мен радикализм белгілерін тану, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру;

Психолог, әлеуметтік педагог, дінтанушы мамандармен кездесулер ұйымдастыру;

Құқық қорғау органдарымен бірлескен профилактикалық жұмыстар;

Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған клубтар мен үйірмелер жұмысын күшейту.

3. Мектеп-интернат-колледжде төмендегі жұмысшы топ құрылсын:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Міндеті
1	Кусакбаева Ж.К.	Тәрбиеші	Топ жетекшісі
2	Габитова В.С.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Топ жетекшісі
3	Шакибаева А.А.	Педагог-психолог	Жасөспірімдермен жеке жұмыс
4	Кульниязова Л.Э.	Әлеуметтік педагог	Жанұя жағдайы төмен оқушылармен жұмыс
5	Есіркепов Амандық	Тарих пәні мұғалімі	Ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізетін жетекші
6	Сансызбай Ұлқаби	Ішкі саясат бөлімінен (қажет жағдайда)	Кеңесші/лектор, маман

4. Сынып жетекшілерге:

– Сынып сағаттары мен ата-аналар жиналыстарында деструктивті